

"Ордабасы аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" Ордабасы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 692 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 242 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 мамырда № 3190 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 180 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 29.04.2016 № 180 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43 бабының 1-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес Ордабасы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ордабасы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 692 "Ордабасы аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2949 тіркелген, 2015 жылғы 17 қаңтарда "Ордабасы оттары" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Ордабасы аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы 16-тармақтың 27) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Сатеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Сапарбаев